



Астана 2024, № 9

## Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы үшін 2024 ж. қыркүйектегі ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

07.10.2024

Каспий теңізін  
гидрометеорологиялық  
зерттеулер басқармасы

Ғылыми-зерттеу орталығы

7 (7172) 79 83 12

[ugmikm@meteo.kz](mailto:ugmikm@meteo.kz)

Қыркүйек айында 3 желкөтерме-желшегерме құбылыстары байқалды, Форт-Шевченко аймағында деңгейдің көтерілуі 23 см-ге дейін жетті.

### Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка пунктінде – 128 см, ал минимум Құрық пунктінде – минус 173 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус 93 см немесе БЖ бойынша минус 28,93 м құрады.

Кесте 1. Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

Бақылау пункті	Орташа деңгей	Максималды деңгей	Бақылау уақыты	Минималды деңгей	Бақылау уақыты
Иголкинская банка	122	128	10.09.2024	109	01.09.2024
Жанбай					
Пешной	-59	-49	22.09.2024	-74	06.09.2024
Құлалы аралы	-135	-124	03.09.2024	-142	20.09.2024
Форт-Шевченко	-138	-123	02.09.2024	-148	20.09.2024
Саура	-155	-147	02.09.2024	-158	26.09.2024
Құрық	-162	-150	02.09.2024	-173	29.09.2024
Ақтау	-152	-136	09.09.2024	-161	25.09.2024
Песчаный	-36	-34	24.09.2024	-37	01.09.2024
Фетисово	-126	-121	16.09.2024	-138	25.09.2024

Ескертпе: Жанбай ТГБ деректері толық емес.

### Су температурасы.

Су температурасының орташа мәні 4,2°C-ден (Пешной) 28,4°C-ге (Фетисово) дейінгі ауытқулармен шамамен 19,0°C болды.


### Ауа температурасы.

Қыркүйек орташа ауа температурасы шамамен 21,5°C болды. Ауа температурасының максималды мәні Құрық маңында 37,4°C дейін жетті, ең төменгі ауа температурасы Пешной теңіз бекеті маңында байқалды (3,0°C).


Астана қ.,  
Мәңгілік Ел 11/1  
7 (7172) 79-83-32

[info@meteo.kz](mailto:info@meteo.kz)

[www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz)



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

### Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Қыркүйек айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 5,4 м/с болды, ең жоғары жылдамдық 16 м/с дейін жетті (Құрық).

Қыркүйекте желдің басым бағыты шығыс (39.1%), солтүстік-шығыс (18,3%) және оңтүстік-шығыс (10,3%) болды.